

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы "А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында Кардиохирургия орталығын құру жобасын іске асыруға Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің грантын тарту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 қазан N 1301

"Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің грантын тарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 қаңтардағы N 83 P010083\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы "А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында Кардиохирургия орталығын құру жобасын іске асыруға Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің грантын тарту жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті елшісі Бағдат Құлтайұлы Әміреевке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Меморандумның жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы "А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында Кардиохирургия орталығын құру жобасын іске асыруға Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің грантын тарту жөніндегі өзара түсіністік

туралы меморандумға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі тартылатын грант қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы "А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жанында Кардиохирургия орталығын құру жобасын іске асыруға Сауд Арабиясы

Корольдігі Үкіметінің грантын тарту жөніндегі өзара түсіністік туралы  
меморандум

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі,  
өзара ынтымақтастық қағидаттарын негізге ала отырып,

"А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы" республикалық  
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жанында Кардиохирургия орталығын (бұдан әрі  
- Жоба) іске асыру жөніндегі іс-шаралардың шеңберін белгілеу ниетін ескере отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

1. Жоба Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің желісі бойынша берілетін гранттың  
қаражаты есебінен қазақстан тарабы бөлген жер телімінде жүзеге асырылады.

1.1. Осы меморандумға қоса берілген жалпы жоспарға сәйкес кардиохирургия  
мамандығындағы жобаға сай аурухана "А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми  
орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының базасында ғимаратының  
құрылысын салу үшін бөлінген жер телімінде Алматы қаласында орналастырылады.

1.2. Бес миллион АҚШ доллары сомасындағы грант мынадай мақсаттарды  
о р ы н д а у ғ а а р н а л а д ы :

- қазақстан тарабы дайындаған, бастапқы деректерге сәйкес үш миллион екі жүз  
мың АҚШ доллары сомасына жалпы алаңы 4495 шаршы метр аурухана ғимаратының  
қ ұ р ы л ы с ы н с а л у ғ а ;

- бір миллион сегіз жүз мың АҚШ доллары сомасына медициналық жабдықтарды  
с а т ы п а л у ғ а .

1.3. Қазақстан тарабы "А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы"  
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тұлғасында сауд тарабына жобаның  
эскиздері мен жұмыс бабындағы сызбаларын дайындау үшін аурухананың  
қажеттіліктері, қызметінің бейіні, мазмұны, жалпы бағдарламасы туралы мәліметтерді  
б е р е д і .

2. Сауд тарабы Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің Қаржы және ұлттық  
экономика министрлігі тұлғасында мыналарды жүзеге асырады:

2.1. Жобаның макетін, құжаттамасын және жұмыс бабындағы сызбаларын  
дайындайды әрі сауд инженерлік консультативтік бюросы арқылы Жобаның іске  
асырылуының барысын техникалық қадағалауды Қазақстан Республикасына сауд  
техникалық тобының сапары барысында қазақстандық тарап берген ұсыныстарға  
с ә й к е с ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2.2. Аурухананың эскизін қазақстандық тарабы мақұлдағаннан кейін Жобаны  
аурухананың құрылысын салу жөніндегі конкурсқа олардың қатысуы үшін

қазақстандық және саудтықтардың мамандандырылған компанияларының қарауына  
ж і б е р е д і .

2.3. Консультативтік бюро растаған мердігердің есептерінің негізінде жұмыстардың орындалуы барысына қарай Жобаны қаржыландыруды жүзеге асыратын болады.

3. Қазақстан тарабы мыналарды жүзеге асырады:

3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аурухананы жабдықтармен толықтыру және ғимаратының құрылысын салу үшін қажетті, Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, акцизделенетіндерінен басқа, тауарлар импортына кеден баждарын, қосылған құн салығын салудан босатады.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі грантының қаражаты есебінен Қазақстан Республикасындағы мердігерлік компания, сондай оның қызметшілеріне, жұмысшыларына немесе Жобаның мердігерімен бірге жұмыс істейтін адамдарға жүргізілетін төлемдер әлеуметтік с а л ы қ т а н б о с а т ы л а д ы .

3.3. Консультативтік бюроға макеттерді, сызуларды дайындаумен, Жобаны іске асыру барысын бақылаумен байланысты қызметте көмек көрсетеді.

3.4. Ғимараттың қасбетінде араб және қазақ тілдерінде осы Жоба Сауд

Арабиясы Корольдігі Үкіметі грантының қаражаты есебінен жүзеге асырылғанын түсіндіретін ескерткіш тақтаны орнатады.

Меморандум, Тараптардан оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Эр-Рияд қаласында қыжыраның 1422 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_, бұл 2001 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сәйкес, әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада әзірленген, мұның өзінде барлық мәтіннің күші бірдей. Келіспеушіліктер орын алған жағдайда, ағылшын мәтіні негізге алынады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Сауд Арабиясы Корольдігінің  
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының  
Сауд Арабиясы Корольдігіндегі  
Төтенше және Өкілетті Елшісі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК